



"Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 588 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 қазандағы № 880 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.10.2024 № 880 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 31 тамыздағы
№ 588 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 568 қаулысына
қосымша

Таңбалануға жататын тауарлар тізбесі

Р/с №	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы	Енгізілетін күні
1	2	3	4

1.	2402209000	құрамында темекі бар өзге де сигареталар	2020 жылғы 1 қазан*
2.	2403999009	өнеркәсіпте жасалған өзге де темекі және өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар; өзге де темекі сығындылары мен эссенциялары	2021 жылғы 1 сәуір
3.	2402201000	құрамында темекі бар темекі, сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, сигариллалар және темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған құрамында қалампыр бар сигареталар	2021 жылғы 1 сәуір
4.	2402900000	өзге де сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигариллалар мен сигареттер	2021 жылғы 1 сәуір
5.	2402100000	ұштары кесілген сигареталар, сигаралар және құрамында темекі бар сигариллалар	2021 жылғы 1 сәуір
6.	2403110000	еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының "Дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке суы; темекі және оны алмастырғыштар" деген IV бөлімінің "24. Темекі және темекіні өнеркәсіптік алмастырғыштар" 1-тобының субпозициясына ескертпеде көрсетілген кальянға арналған темекі	2021 жылғы 1 сәуір
7.	2403191000	бастапқы орамада нетто-салмағы 500 г аспайтын кез келген пропорцияда темекі алмастырғыштары бар	

		немесе жоқ өзге де шегілетін темекі	2021 жылғы 1 сәуір
8.	3824999209	20°C температурада сұйық болатын, басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, басым бөлігі органикалық қосылыстардан тұратын өзге де химиялық өнімдер немесе препараттар	2021 жылғы 1 сәуір
9.	6401	ұлтанды және үсті резеңкеден немесе пластмассадан жасалған су өткізбейтін, оның үсті табанға бекітілмейтін және оған жіппен де, түйреуішпен де, шегемен де, бұрандамен де, тойтармамен де, қандай да бір ұксас тәсілмен қосылмайтын аяқ киім	2021 жылғы 1 қараша**
10.	6402	резеңкеден немесе пластмассадан қонышы бар ұлтанды өзге де аяқ киім	
11.	6403	резеңкеден, пластмассадан, табиғи немесе құрақ теріден жасалған ұлтанды және қонышы табиғи былғарыдан жасалған аяқ киім	
12.	6404	резеңкеден, пластмассадан, табиғи немесе құрақ былғарыдан жасалған ұлтанды және қонышы тоқыма материалдардан жасалған аяқ киім	
13.	6405	басқа да аяқ киім	

* 2020 жылғы 1 қазаннан бастап – көтерме сауданы жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерін қоспағанда, бөлшек сату кезінде таңбаланған тауарларды айналымнан міндетті түрде шығара отырып, өндірушілер мен ішкі сауда субъектілері үшін. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – тауар айналымына барлық қатысушылар үшін таңбаланған тауарлардың қадағалануы туралы құжаттардың міндетті үзіндісімен.

**2021 жылғы 1 қарашадан бастап – көтерме сауданы жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерін қоспағанда, бөлшек сауда кезінде таңбаланған тауарларды

айналымнан міндетті түрде шығара отырып, Қазақстан Республикасына әкелінген немесе Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген аяқ киім тауарларына қатысты міндетті таңбалау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК